

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында откізілген жиын**

**Алаш ауылы**

**№1/24**

**20 маусым 2024 жыл**

**Откізілетін орны:** Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК мәжіліс залы, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Алаш ауылы, 11А ғимарат, 1 қабат, конференц-зал.

**Откізілетін уақыт:** 2024 жылдың 20 маусымы, сағат 10:00

**Катысқандар:** 48 адам

**Күн тәртібі:**

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру.**(баяндамасы: жұмыс тобының мүшесі-3.Оспанова)
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан Талдамалық анықтаманыны талдау**
- Түрлі мәселелер**

**Сөз сөйледі:**

Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының жетекшісі З.Оспанова Ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алууды сүрады.

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) басшысының 2024 жылғы 02 мамырдағы № 230 н/к бұйрығына сәйкес Сайрам аудандық орталық ауруханасына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2024 жыл айының 17 мамыр мен маусым айының 28 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінешалдықканлауазымдардыңтізбесінайқындау;
- Мемлекеттікқызметтеркөрсету;
- Бюджетжәнеқаржықаражатынигеружәнебөлу;
- Сыбайласжемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты

ұйымдастыру.

Қамтылған бағыттар бойынша анықтаған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша ардагер медицина қызметкері Идрисов Калдыбай өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарыш жатқан жұмысын құптарлық деп тапты. Осы мәселе бойынша сөзге Оспанова Зарипа Амангелдиевна сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар тиімді, сыйайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен курес жүргізуін бірден бір шарты – ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті.

Қоғамдық ұйымдардың және медицина қызметкерлерінің ардагер мамандары Сайрам аудандық орталық ауруханасында жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттанарлық деп тапты.

#### Шешім :

1. Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы аурухананың комплаенс-офицері Д. Умировқа жүктелсін
2. Қызметкерлер арасында сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары сапалы түрде жүзеге асырылсын. Орындалуы басшының медицина сапасын бақылау ісі жөніндегі орынбасары -З.Оспановаға жүктелсін.
3. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Орындалуы мамандар бөлімінің басшысы -С.Жумабайға жүктелсін.
4. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет аурухананың сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын.

Жұмысшы топ төрағасы:

З.Оспанова

Хатшы:

Д. Умиров